



ШЕШІМ

30.06.2022

Нұр-Сұлтан қаласы

РЕШЕНИЕ

№ 207/27-VII

город Нур-Султан

Нұр-Сұлтан қаласының жоғары оқу орындарында күндізгі оқу ақысын төлеу үшін азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау жөніндегі комиссиясының құрамы туралы

Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің ұсынысын қарап, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабын басшылыққа ала отырып, Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес, Нұр-Сұлтан қаласының жоғары оқу орындарында күндізгі оқу ақысын төлеу үшін азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау жөніндегі комиссиясының құрамы бекітілсін.

2. Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының келесі:

2021 жылғы 30 маусымдағы №53/7-VII «Нұр-Сұлтан қаласының жоғары оқу орындарында күндізгі оқу ақысын төлеу үшін азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау жөніндегі комиссияның құрамы туралы»;

2021 жылғы 12 тамыздағы №73/10-VII «Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2021 жылғы 30 маусымдағы №53/7-VII «Нұр-Сұлтан қаласының жоғары оқу орындарында күндізгі оқу ақысын төлеу үшін азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау жөніндегі комиссияның құрамы туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы»;

2022 жылғы 16 наурыздағы №150/22-VII «Нұр-Сұлтан қаласының жоғары оқу орындарында күндізгі оқу ақысын төлеу үшін азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау жөніндегі комиссияның құрамы туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2021 жылғы 30 маусымдағы №53/7-VII шешіміне өзгерістер енгізу туралы» шешімдері жойылсын.

Нұр-Сұлтан қаласы
мәслихатының хатшысы

Е. Каналимов

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының
2022 жылғы 30 маусымдағы
№ 207/27-VII шешіміне
қосымша

Нұр-Сұлтан қаласының жоғары оқу орындарында күндізгі оқу ақысын төлеу үшін азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау жөніндегі комиссияның құрамы

- | | | |
|---|---|---|
| Бекмырзаев Ерлан Орынбасарұлы | – | Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары, тораға |
| Таласова Айгүл Тілешқызы | – | «Нұр-Сұлтан қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасары, төрағаның орынбасары |
| Жұмаділ Болат Нұрмаханұлы | – | «Нұр Сұлтан қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Байқоңыр» ауданының әлеуметтік жәрдемақыларды тағайындау бөлімінің басшысы, хатшы |
| Разбекова-Тлеуханова Ләзат Мұратқызы | – | Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының депутаты |
| Умербаева Рамзия Фаатовна | – | Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық кеңес мүшесі |
| Еламанов Нариман Танатарұлы | – | «Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасары |
| Аманов Бауыржан Қайроллаұлы | – | «Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасары |
| Сәбит Ақмарал Сәбитқызы | – | «Нұр-Сұлтан қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасары |
| Тастемір Ақұлан Өсерұлы | – | «Нұр-Сұлтан қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасы» оқушы және студент жастармен жұмыс бөлімінің басшысы |

Түгелбаева
Айжан Әлімқызы

– «Нұр-Сұлтан қаласының Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасары

Ахметова
Нұргүл Сейльбекқызы

Нұр Сұлтан қаласы Кәсіпкерлер палатасының адами капиталды дамыту бөлімінің басшысы (келісім бойынша)

Шәріпжанов
Айдос Серғазыұлы

– «AMANAT» партиясы Нұр-Сұлтан қаласы «Байқоңыр» аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары (келісім бойынша)
